

**ФИЛОСОФИЯ
ФИЛОСОФИЯ
PHILOSOPHY**

FTAXP: 02.41.21

<https://orcid.org/0009-0000-4465-2279>

<https://orcid.org/0009-0004-7452-3442>

Спанов М.Ж., Мейманбекқызы М.*

философ. ғ.к., доцент, М.Әуезов атындағы ОҚЗУ. Шымкент, Қазақстан
7M02211 - Философия БББ магистранты, М.Әуезов атындағы ОҚЗУ.
Шымкент, Қазақстан

**КӨШПЕНДІЛЕРДІҢ ТАБИҒАТ ФИЛОСОФИЯСЫ ЖӘНЕ
ҚАЗІРГІ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ САНА**

***Автор - корреспондент:** medetbekovvacute@mail.ru

Түйін: Мақалада көшпенділердің табиғатпен қатынасының философиялық негіздері және оның қазіргі экологиялық сана қалыптастырудағы рөлі кешенді түрде талданады. Сонымен қатар, көшпенді дүниетанымындағы табиғат ұғымының мәне анықталып, оның заманауи экологиялық санадағы маңызы қарастырылған. Талдау барысында адам мен табиғаттың тұтастық қағидасы, жер мен судың сакралды мәртебесі, маусымдық көші қонның экожүйелік тепе-теңдікті сақтаудағы маңызы және дәстүрлі экологиялық білім мазмұны қарастырылды. Көшпенді қоғамда табиғат ресурстық нысан ретінде емес, тіршіліктің киелі кеңістігі, әрі, моральдық жауапкершілік аймағы ретінде қабылданғаны айқындалады. Бұл ұстаным табиғатты ұтымды пайдалану, ұрпақтар сабақтастығын сақтау және ортаға зиян келтірмеу принциптерімен сипатталады. Зерттеу нәтижелері көшпенді философиялық мұраның қазіргі тұрақты даму тұжырымдамасымен мазмұндық сабақтастығын дәлелдейді және ұлттық экологиялық мәдениетті жаңғыртудағы әлеуетін негіздейді. Зерттеу жұмысында көшпенділердің табиғатқа деген көзқарасы, оның сакралды және үйлесімді сипаттары, сондай-ақ адам мен табиғат арасындағы өзара байланыс мәселелері талданады. Зерттеу барысында жұмыстың мақсаты мен міндеттері айқындалып, көшпенділер дүниетанымының табиғатқа қатысты негізгі қағидалары жүйелі түрде талданған. Сонымен қатар, зерттеу әдістері мен осы тақырыпқа зерттеу жүргізген ойшылдар туралы (Шоқан Уалиханов, Әлихан Бөкейхан, Лев Гумилев) мәліметтер көрсетілген. Жұмыста зерттеу нәтижелері қорытындыланып, көшпенділердің табиғатпен үйлесімді өмір сүру тәжірибесінің қазіргі экологиялық сана үшін маңызы айқындалады. Қорытындылау бөлімінде зерттеудің ғылыми жаңалығы көшпенділердің табиғат философиясын қазіргі экологиялық ойлаудың өзекті, әрі, баламалы моделі ретінде негіздеумен сипатталады.

Кілт сөздер: көшпенді өркениет, табиғат философиясы, тәңіршілдік дүниетанымы, қазіргі экологиялық сана.

MPHTI: 02.41.21

<https://orcid.org/0009-0000-4465-2279>

<https://orcid.org/0009-0004-7452-3442>

Спанов М.Ж., Мейманбекқызы М.*

к.философ.н., доцент, ЮКИУ им. М.Ауезова. Шымкент, Казахстан
магистрант ОБ 7M02211 - Философия, ЮКИУ им.М.Ауезова. Шымкент, Казахстан

**ФИЛОСОФИЯ ПРИРОДЫ КОЧЕВНИКОВ И
СОВРЕМЕННОЕ ЭКОЛОГИЧЕСКОЕ СОЗНАНИЕ**

***Автор - корреспондент:** medetbekovvacute@mail.ru

Аннотация: В статье комплексно анализируются философские основания взаимоотношений кочевников с природой и их значение для формирования современного экологического сознания. Формирование исследования заключается в раскрытии содержания понятия природы в кочевом мировоззрении и его сопоставлении с современными экологическими теориями. Рассматриваются тенгрианская картина мира, принцип единства человека и природы, сакральное понимание земли и воды, сезонная миграция как механизм поддержания экологического равновесия и баланса, а также традиционные экологические знания. Установлено, что в кочевой культуре природа воспринималась не как объект эксплуатации, а как священное жизненное пространство и сфера нравственной ответственности человека. Такой подход основывается на принципах гармонии, преемственности поколений и бережной, значимой отношении к окружающей среде. Сделан вывод о концептуальной близости кочевой философии идеям устойчивого развития и ее значимости для укрепления экологической культуры современного общества. В исследовании анализируются взгляды кочевников на природу, ее сакральный и гармоничный характер, а также проблемы взаимодействия человека и природы. Кроме того, на основе трудов Шокан Уалиханов, Алихан Бокейхан и Лев Гумилев систематизируются этапы научного изучения кочевнического мировоззрения. В заключительной части научная новизна исследования характеризуется обоснованием философии природы кочевников как актуальной и альтернативной модели современного экологического мышления.

Ключевые слова: кочевая цивилизация, философия природы, тенгрианство, современное экологическое сознание.

IRSTI: 02.41.21

<https://orcid.org/0009-0000-4465-2279>

<https://orcid.org/0009-0004-7452-3442>

Spanov M. Zh., Meimanbekkyzy M. *

Candidate of Philosophy, Associate Professor, M.Auezov SKRU. Shymkent, Kazakhstan

Master's student of the educational program 7m02211-philosophy,

M.Auezov SKRU. Shymkent, Kazakhstan

**THE NOMAD'S NATURE PHILOSOPHY AND
MODERN ECOLOGICAL CONSCIOUSNESS**

***Corresponding author:** medetbekovvacute@mail.ru

Abstract: The article comprehensively analyzes the philosophical foundations of nomads' relationship with nature and their importance for the formation of modern ecological consciousness. The purpose of the study is to reveal the content of the concept of nature in the Nomadic worldview and compare it with modern environmental theories. The article examines the Tengrian worldview, the principle of the unity of man and nature, the sacred understanding of land and water, seasonal migration as a mechanism for maintaining ecological balance, as well as traditional ecological knowledge. It is established that in nomadic culture nature was perceived not as an object of exploitation, but as a sacred living space and a sphere of moral responsibility of a person. This approach is based on the principles of harmony, generational continuity and a careful, meaningful attitude towards the environment. The conclusion is made about the conceptual proximity of nomadic philosophy to the ideas of sustainable development and its importance for strengthening the ecological culture of modern society. The study analyzes the views of nomads on nature, its

sacred and harmonious character, as well as the problems of human-nature interaction. In addition, based on the works of Shokan Ualikhanov, Alikhan Bokeikhan and Lev Gumilev, the stages of scientific study of the nomadic worldview are systematized. In the final part, the scientific novelty of the study is characterized by the substantiation of the philosophy of nature of nomads as an actual and alternative model of modern ecological thinking.

Keywords: nomadic civilization, philosophy of nature, Tengrian worldview, modern ecological consciousness.

Kіріспе

Қазіргі жаһандық экологиялық дағдарыс жағдайында адам мен табиғат арасындағы қатынасты қайта пайымдау философиялық өзекті тақырыпқа айналды. Табиғатты тек ресурстық нысан ретінде қарастыратын техногендік өркениет үлгісі экожүйелік тепе-теңдіктің бұзылуына алып келді. Осы тұрғыдан алғанда, табиғатпен үйлесімді өмір сүрудің тарихи тәжірибесін ұсынған көшпенді өркениеттің дүниетанымын философиялық тұрғыда талдау ерекше өзектілікке ие. Көшпенділердің табиғатқа қатынасы утилитарлық сипаттан гөрі онтологиялық және аксиологиялық мазмұнға ие болды: табиғат тіршілік кеңістігі ғана емес, киелі болмыс, адам өмірінің мағыналық негізі ретінде қабылданды. Көшпенділердің табиғатпен қатынасы мен қазіргі экологиялық сана тақырыбына зерттеу жүргізіп, мәліметтер жинаған ғұламаларға да тоқталдық. Күлтегін жазбалары, Шоқан Уалиханов, Әлихан Бөкейхан, Халел Досмұхаммедұлы, Лев Гумилев және т. б. Күлтегін жазбаларында мынадай сөз тіркестері бар: «Үзе көк теңірі, Асра йағыз йер қылынтауық-да, Екін ара кісі оғлы қылынмас» қазақша аудармасында «Биікте көк теңірі, Төменде қара жер жаралғанда, Екеуінің арасында адам баласы жаратылған»[1,10].

Шоқан Уалиханов та өз еңбектерінде Тәңіріні Құдай деп көрсеткен. Аспан культінің күштілігі сондай, көшпенділер өздерінің әрбір іс-әрекетін, қуанышы мен ренішін, өмірдегі жамандық пен жақсылықтарды Көк Тәңіріне байланысты қарастырып тұрмыс-тіршілігінің негізге айналдырған. Сол тәрізді ай, жұлдыз, күнді де кие тұтқан. Оларды адам болмысының сұлулығымен теңестіріп отырған. Мәселен, ай десе аузы, күн десе көзі, жұлдыздай жарқыраған маңдайы деп келетін адам сұлулығын бейнелейтін символдық теңеулер негізінде адамның ішкі сұлулық сыры мен қасиетін сезіну мен түсіну жатқаны сөзсіз. Сонымен қатар, адам мінез-құлқын жыл мезгілдері: қыс, жаз, көктем және күзге теңеудің өзіндік сыры мен ұлттық сипаты бар. Көшпенділер Көкке және Жерге, үйдегі от басы, бала-шағаны қорғаушы әйел Тәңірісі Ұмайға табынған. Мысалға, Тоныкөкке орнатылған ескерткіште мынандай жыр жолдары бар: Тәңірі Ұмай, қасиетті Жер-Су, бізді қорғайды әр кез бөлек.

Зерттеу мақсаты: көшпенділердің табиғатпен қатынасының философиялық негіздерін айқындап, оның қазіргі экологиялық сана қалыптастырудағы маңызын анықтау.

Зерттеу міндеттері: - көшпенді дүниетанымындағы табиғат ұғымының онтологиялық және аксиологиялық мазмұнын талдау; -тәңірлік сенім жүйесіндегі адам мен табиғат біртұтастығы идеясын философиялық тұрғыдан сипаттау; -дәстүрлі экологиялық тәжірибенің моральдық-этикалық қағидаларын анықтау; -көшпенді философиялық мұраның қазіргі экологиялық парадигмамен мазмұндық сабақтастығын негіздеу.

Материалдармен әдістер

Теориялық талқылау

Көшпенділердің табиғатпен қатынасы философиялық тұрғыдан қарастырылғанда, бірінші кезекте оның онтологиялық мәні айқындалады. Көшпенді дүниетаным табиғатты тек ресурстық объект ретінде емес, тіршілік кеңістігі, моральдық жауапкершілік және киелі болмыс ретінде түсінді. Бұл көзқарас «өмірді құрметтеу» және «органикалық тұтастық» идеяларына негізделеді, яғни адам мен табиғат арасындағы байланыс экожүйелік бірлік ретінде қабылданады. Көшпенділердің табиғатпен қатынасының философиялық негіздерін

түсіну үшін ең алдымен тәңірлік дүниетаным жүйесіне назар аудару қажет. Тәңірлік дүниетанымда аспан (Тәңір), жер (Жер-Су) және адам біртұтас космологиялық жүйенің құрамдас бөліктері ретінде қарастырылады. Бұл жүйеде табиғат сыртқы объект емес, адам болмысының онтологиялық шарты болып табылады. Адам мен табиғаттың тұтастығы қағидасы көшпенді өмір салтының практикалық құрылымынан да көрінеді. Маусымдық көші-қон жүйесі жайылымдардың табиғи қалпына келу циклдерін сақтауға бағытталған. Зерттеушілер дәстүрлі мал шаруашылығының мобильді моделін экожүйелік тепе-теңдікті бұзбайтын әлеуметтік-экологиялық жүйе ретінде бағалайды. Бұл жерде табиғатқа үстемдік ету емес, оған бейімделу және ырғақтас өмір сүру принциптері жүзеге асады. Философиялық тұрғыдан бұл – антропоцентризмнен гөрі биоцентризмге жақын ұстаным. Жер мен судың сакралды мәртебесі көшпенді дүниетанымның аксиологиялық өзегін құрайды. Қазақ мәдениетіндегі Жер-Ана, судың қадір қасиеті ұғымы табиғатты тірі, киелі бастау ретінде қабылдаудың көрінісі. Заманауи зерттеулерде бұл құбылыс экологиялық сакралдылық ретінде талданып, табиғатқа қатысты моральдық жауапкершіліктің қайнар көзі ретінде түсіндіріледі. Осы тұрғыда Шәкәрім Құдайбердіұлы:

«Тіршіліктің киелі бастауы – дала,

Адам мен табиғат біртұтас әлем».[4,6]

Бұл сөз тіркестерінен біз қазақтар үшін, байырғы ата-бабаларымыз үшін даланың қасиеттілігі, олардың адам мен табиғатты біртұтас деп қарастырғанына көз жеткіземіз.

Көшпенділер менталитетінің ерекшелігін табиғатқа деген қатынасынан да байқауға болады. Егер көшпенділерге табиғатты өзгертпей сол қалпында қабылдау, оған бейімделу басым болса, жер өңдеушілер менталитеті оларға қарама-қарсы. Тіпті жер өңдеу философиясынан зорлық пен жасандылықтың іздерін байқауға болады. Г. Гачевтің айтуынша: «Жер-Ана. Анаға тән қасиет – туу, табиғи өмірді жалғастыру. Ал еңбек – жасампаздық арқылы болмысты дамыту. Табиғатты өңдеу – өмір емес, керісінше өлім. Сондықтан да, жер мен істі қосу зорлықпен үйлендіруге пара-пар». Бірақ, әр халықтың жер өңдеуге деген қатынасы әртүрлі және бұл туралы заңы да әр қилы» [5, 97]. Осы тұрғыдан келгенде, еңбек көшпенділер үшін жерді өңдеу мен өзгертуден бұрын, табиғаттың дайын өнімдерін пайдалану стратегиясының басыңқы болғанын көрсетеді. Жер өңдеушілердің энергиясы сыртқы болмысты өзгертуге, жаңғыртуға бағытталса, көшпенділер энергиясы адамдардың ішкі рухани болмысын өзгертуге бағытталған деп айтсақ болады. Көшпенділердің осындай ойлау жүйесінен кейін, көшпенділер менталитеті Батыс және Шығыс менталитеттеріне қарағанда өзіндік даму мен қалыптасу сатыларынан өткендігін, өзінің ұлылығы мен жасампаздығын, бірегейлігін әлемдік өркениет алдында дәлелдеп отырған. Осы аталған көшпенділер өркениеті бүгінгі қазақ болмысын, рухани жан дүниесін түсінудегі әлеуметтік мәдени рухани негіз болып табылады. Бұндай терең тамырлы ментальдық құбылысты бүгінгі әлеуметтік өмірде ескермеу мүмкін емес болып тұр.

Зерттеу әдістерде тарихи-философиялық талдау, герменевтикалық интерпретация, салыстырмалы философиялық әдіс және жүйелік әдіс қолданып, көшпенді дүниетанымын тек этнографиялық құбылыс ретінде емес, тұтас философиялық жүйе ретінде қарастыруға мүмкіндік береді. Зерттеу жұмысының тақырыбы аясында зерттеу жүргізген ғұламалар: Қазақ және Түркі ойшылдарының ішінен осы тақырыпқа үлес қосқан - Шоқан Уалиханов. Ш. Уалиханов - көшпенділер дүниетанымын алғаш ғылыми тұрғыда сипаттаған алғаш қазақ ғалымы. Оның көшпенділер өмірін сөз ететін еңбектеріне «Қырғыздар туралы жазбалар» (1858-1859), «Қырдағы мұсылманшылық туралы», «Қазақтардағы шамандықтың қалдығы», «Қазақтардағы шамандықтың қалдығы» жатқыза аламыз. Ол еңбектерінде көшпелі қазақтардың дәстүрлі діни наным-сенімдерін, тәңірлік дүниетаным элементтерін, олардың тұрмыс-тіршілігін етене зерттеп, құнды зерттеулер қалдырған. «Қырғыздар» және «Қазақ даласының шарушалығы туралы мақалалар» еңбектерінің авторы Әлихан Бөкейхан да бұл тақырыпқа зор үлесін қосқан.

Табиғат пен адам арасындағы байланысты ғылыми тұрғыдан түсіндірген шығарма «Табиғаттану» еңбегінің авторы - Халел Досмұхаммедұлы. Қазақ ғұламаларынан бөлек бұл тақырыпқа елеулі еңбек сіңдірген шетел ғалымдары бар. Лев Гумилев «Древние Турки», «Этногенез и биосфера Земли» еңбектерінде этнос пен табиғаттың үйлесімін пассионерлік теория арқылы түсіндірген. Василий Бартольдтың «Туркестан в эпоху монгольского нашествия» еңбегінде Орта Азия халықтарының табиғи ортаға бейімделу ерекшеліктері мен сол өркениеттің экологиялық санаға байланысты тұстарын сөз еткен. Ал қазіргі заман зерттеушілері қатарына Аманжол Қасабек «Қазақ философия тарихы», Ғарифолла Есім «Хакім Абай», «Сана болмысы», С.Қасқабасов, Д.Кішібеков «Қазақ менталитеті», А.Сегізбаев «Қазақ философияның тарихы» жатқыза аламыз. Олар өз еңбектерінде табиғат пен адам болмысының бірлігін қарастырып, қазіргі ұлттық философиядағы экологиялық ойды дамытты. XV-XVIII ғасырлардағы жыраулар поэзиясы - қазақ әдебиетінің қалыптасуы мен рухани болмысының көрінісі. Бұл дәуірдегі туындыларда табиғат бейнесі тек эстетикалық құндылық ретінде ғана емес, ұлттық дүниетанымның, қоғамдық көзқаратын және философиялық ойлаудың бір бөлшегі ретінде суреттеледі. Жыраулар табиғатты тіршілік көзі, адам мен қоғамның рухани кеңістігі ретінде бейнелеп, ел тағдырымен сабақтастыра қарастырды. Мұндай көзқарас көшпелі өмір салтымен, ата-баба жеріне деген терең құрметпен тығыз байланысты болды. Асан Қайғы табиғатты адам өмірінің маңызды құрамдас бөлігі ретінде қабылдаған. Оның пайымынша, адам мен табиғат арасындағы, үйлесім - қоғамның тұрақтылығының негізі. Табиғаттың сұлулығы мен жарасымдылығы адамгершілік пен рухани дамудың қайнар көзі болып табылады. Асан Қайғының табиғатқа қатысты көзқарастары мынадай үш негізгі бағытта көрініс тапқан үйлесімдік: Табиғат пен қоғамды ажырамас бірлік ретінде қарап, қоршаған ортаның адам тіршілігіне тікелей ықпал ететінін атап өтеді, эстетикалық таным: табиғаттың сұлулығы - шабыт пен рухани кемелденудің көзі. Мысалы, Өлеңті өзенінің маңын «елдің уайымы жоқ жер» деп сипаттауы - табиғат пен идеал өмір ортасының үйлесімін көрсетеді, білім мен таным: Табиғатты тану - адами сана мен білімнің дамуына жол ашады. Ол білімді тұйық санаға қарсы құндылық деп таныған.

Осы арқылы Асан Қайғы табиғаттың рухани, этикалық және эстетикалық мәнін терең түсініп, қазақ халқының дүниетанымдық кеңістігіне елеулі үлес қосты[2,24].

Қазтуған жырау табиғатты көшпелі өмір салтының ажырамас бір бөлігі ретінде жырлады. Оның шығармаларында табиғат пен адам арасында терең үйлесім бар. Қазтуған табиғатты бағындыру нысаны емес, онымен үйлесімді өмір сүру кеңістігі ретінде қарастырған. Оның жырларында табиғат бейнесі - таза әрі рухани мәнге ие[3,66].

Гумилев «Көшпенділер мәдениеті өзінің 3000 жылдық ғұмырында Жерорта теңізі мен Қиыр шығыс елдеріне қарағанда шығармашылық эволюцияны бастан өткерді», - деп санайды. Л.Н. Гумилев көшпенділерді дүниежүзілік өркениетке қомақты үлес қосты деп санайды. Ол өз еңбегінде: "нереально думать, что в кочевом обществе невозможен технический прогресс. Кочевники вообще, а хунны и тюрки в частности, изобрели такие вещи, которые ныне вошли в обиход человека как нечто само по себе подразумевающееся. Первое усовершенствование одежды - штаны - сделано еще в глубокой древности. Стремя появилось в центральной Азии между 200 и 400 гг. Первая кочевая повозка на деревянных обрубках заменилась сначала коляской, а потом вьюком, что позволило кочевникам форсировать горные, поросшие лесом хребты. Кочевниками были изобретены изогнутая сабля, вытеснившая прямой меч, и длинный составной лук, метавший стрелы на расстояние до 700 метров. Наконец, круглая юрта в те времена считалась наиболее совершенным видом жилища» [6,86] Бұл деректер аясында біз көшпенділер даму мен техникалық құрыл жабдықтардан алыс болды деген ойларды өзгертіп, олардың жүріп тұру құралдары мен киім кию, тұрмыс-тіршілігі қаншалықты даму үстінде іске асқанын байқайтын боламыз. Ежелгі көшпенді халықтардың мифологиясында ғарыштың құрылымы былай бейнеленеді: жеті қат Жер бар, онда Көктөбе

тұр, Көктөбеде Көктерек өсіп тұр. Бұл бейне киіз үйдің құрылымына да ұқсас.

Қазақ мақал-мәтелдерінде табиғатқа деген құрмет тек шаруашылық тәжірибемен ғана шектелмей, этикалық, эстетикалық және экологиялық өлшемдермен сабақтасып жатады. Мысалы, «Адамның табиғатсыз күні жоқ, табиғаттың оны айтар тілі жоқ» деген мақалда адам мен табиғаттың арасындағы өзара тәуелділік бейнелі әрі терең түрде көрініс табады. Адам тіршілігін табиғатсыз елестете алмайды: ауа, су, жер, өсімдік – барлығы өмірдің негізі. Ал табиғат өз тілін сөзбен емес, құғақшылық, апат, немесе өнімсіздік арқылы білдіреді. Бұл жағдайлар адамзаттың табиғатқа деген жауапкершілігін арттырып, онымен үйлесімді өмір сүру қажеттігін еске салады. Мақал-мәтелдердің мазмұны қазақ фольклорындағы табиғатқа қатысты өзге де нақыл сөздермен үндес келеді. Мәселен, «Судың да сұрауы бар», «Жер ырыстың кіндігі» сынды даналық сөздер табиғатты құрметтеп, оны қорғау идеясын ұрпаққа наисхаттауға бағытталған[7,54].

Мұндай мақалдар – табиғатты сақтаумен құрметтеудің халықтық тәжірибеге нездеген рухани – этикалық жолы. Олар экологиялық сананы қалыптастыруға, табиғат пен адам арасындағы үйлесімді байланысты сақтауға зор үлес қосады. Көшпенділердің әлем туралы түсінігінде әсерлі бейненің бірі – алып бәйтерек. Дүниежүзілік ағаш таңбасы өрмелік қозғалыста, Жер мен Аспанның тығыз байланысын білдіреді. Осы биік бәйтерекпен эпос батырлары аспан денелеріне өрмелеп жете алатын болған. Әлемдік ағаштың тағы бір атқаратын қызметі оның жоғарғы және орта дүниені үшінші әлем - төменгі дүниемен байланыстыруында. Тірілер әлемі өткен кезбен, аруақтар аймағымен қатынасын үзбейді. Қазақ халқының табиғатты сақтау мен қорғауға негізделген дәстүрлі дүниетанымы – экологиялық тепе-теңдік пен рухани үлесімді өмір сүрудің терең мәдени-тәжірибелік үлгісі. Көшпелі тұрмыс тәртібі, маусымдық көші-қон, тыйымдар мен ырымдар, ауа райын болжау тәжірибелері, халық медицинасы және табиғатпен байланысты діни-рухани рәсімдер – барлығы қоршаған ортаға құрметпен қарауға, оның заңдылықтарына бейімделіп тіршілік етуге бағытталған. Бұл дүниетаным бүгінгі Қазақстанда жүзеге асып жатқан орнықты даму мен экологиялық саясатпен табиғи сабақтастықта өрбіп отыр. Сондықтан дәстүрлі экологиялық мәдениетті қайта қарастыру мен оның тәжірибесін заманауи экологиялық шешімдермен ұштастыру – қазіргі және болашақ ұрпақ үшін маңызды құндылықтық бағдар болмақ[8,36].

Қазіргі жаһандық экологиялық дағдарыс контекстінде адам мен табиғат арасындағы қатынастарды қайта қарау, табиғаттың мәні мен рөлін философиялық тұрғыдан түсіндіру маңызды міндетке айналды деп айта аламыз. Бұл тұрғыдан біз жаңадан пайда ұғым ТЕК [Traditional Ecological Knowledge) тоқтала аламыз. Бұл ұғым көшпенді философиясының табиғатқа қатысты көзқарасын ашатын ең негізді концепциялардың бірі болып табылады. ТЕК – белгілі бір қауымдастықтың табиғатпен ұзақ уақыттан бері өмір сүру тәжірибесі негізінде қалыптасқан, табиғи жүйелерді тану және пайдалана білу, бағалау, сақтау мен үйлесімді әрекет етуге қатысты тұрақты білімдер, түсініктер мен нормалар жиынтығы ретінде қарастырылады. ТЕК тек эмпирикалық тәжірибені ғана білдіріп қана қоймай, онтологиялық және аксиологиялық негіздерден тұратын дүниетанымдық жүйе ретінде маңызды [9,2]

Көшпенді өркениеттің өмір салты табиғатпен тығыз байланыста болғандықтан, ТЕК-ті тек экологиялық стратегия ретінде ғана емес, философиялық жүйе ретінде түсіну қажет. Бұл жүйенің басты ерекшелігі – адамды табиғаттан бөлек объект ретінде қабылдамай, табиғатпен бірге өмір сүретін, оған өмірлік қажеттілік пен құндылық ретінде қарайтын дүниетаным қалыптастыруы. Яғни ТЕК-тің философиялық мәнін талдағанда оның онтологиясы, аксиологиясы, этикасы, яғни болмысты тану, құндылықтар жүйесі мен мораль тауырыбында айқын көрініс табады. Онтологиялық тұрғыдан ТЕК табиғат пен адамның тұтастығын баса жеткізеді. Көшпенді дүниетанымда аспан, жер, су және тіршілік арасындағы байланыс тұрақты, өзараәрекеттесетін жүйе ретінде түсіндіріледі. Мысалы, дала

экосистемасы көшпенділер үшін сыртқы фон ғана емес, өмірдің негізі, рухани кеңістік және әлеуметтік тұрақтылықтың қайнар көзі болды. Бұл тұтастықтың философиялық мәні қазіргі экологиялық дағдарыс философияның холистік парадигмасымен үндес келеді.[10,3]

Ондай философияда адам мен табиғат арасындағы шекаралар айқын емес, екі тұтас бір жүйе ретінде қарастырылады. ТЕК-тің аксиологиялық аспектісі адам мен табиғат арасындағы моральдық жауапкершілік қағидаларына негізделеді. Көшпенді қоғамда табиғат ресурстық объект ретінде ғана бағаланбаған, керісінше табиғат – киелі элементтер мен рухани мағынаға ие өмір кеңістігі. Мсыалы, жер мен судың киелі саналуы және оларды қорғай білу нормалары көшпенді философиясында басты моральдық қағидаға айналды. Бұл – белгілі бір әрекеттің пайдала не пайдалы еместігін ғана емес, адам мен табиғат арасындағы өзара құрметтің философиялық өлшемін анықтайды. Осы тұрғыдан ТЕК – адамдық жауапкершілік пен табиғатты қорғауды материалдық негізде ғана емес, этикалық кодекс ретінде ұсынады. ТЕК-тің тағы бір маңызды философиялық компоненті – дилектикалық үйлесімділік принципі. Көшпенділердің маусымдық көші-қоны табиғи циклді сақтауға бағытталып, экожүйелік тепе-теңдікті бұзбау мақсатында жүзеге асырылады. Бұл тәсіл табиғатпен қарым-қатынастың процестерді бақылау, бейімделу және үйлесу қағидалары арқылы жүзеге асатынын көрсетеді. Зерттеу деректері бойынша, маусымдық көшулер малдың жайылымды ресурстармен қамтамасыз етілуін ғана емес, сонымен бірге жердің табиғи қалпына келу цикліне мүмкіндік беретін тұрақты экологиялық практиканы қамтамасыз еткен. Бұл қазіргі тұрақты даму теориясындағы үйлесімділік пен ресурстарды ұтымды пайдалану идеяларымен сабақтас философиялық ұстаным. Сонымен қатар, ТЕК өзінің гносеологиялық мәні арқылы табиғат туралы білім мен түсінікті ғылыми біліммен толықтыратын көпөлшемді жүйе ұсынады. ТЕК-те тек фактілік деректер жинақталмайды., табиғатпен қарым-қатынас сезімдері, бақылаулар,, тіл мен салт-дәстүрлер арқылы қалыптасқан күрделі білімдік құрылым ретінде беріледі. Бұл басатпқыда практикалық үйреншікті әрекеттер жинағы болса, уақыт өте келе жүйелі көзқарас пен философиялық парадигмаға айналды. Айта кететін маңызды тұс – ТЕК бүгінгі күннің экологиялық сана мәселелерінде тек тарихи мұра ғана емес, қазіргі заманғы экологиялық саясат пен мәдениетті қалыптастыруда қолданылатын философиялық ресурс болып табылады. ТЕК-тің адам және табиғат қатынасын басқарудағы әдептілік пен моральдық нормалар жүйесі қазіргі экологиялық философияның негізгі тұжырымдамаларымен табиғаттың ішкі құндылығы, ресурстарды ұтымды пайдалану және экожүйелік жауапкершіліпен үндестік табады. Осылайша, ТЕК көшпенді философияны қазіргі тұрақты даму тұжырымдамалары арқылы қайта бағалауға мүмкіндік береді[11,25]

Көшпенділердің қыстау мен көктеу тәжірибесі табиғатты қорғау мен экожүйелік тепе-теңдікті сақтау философиясының нақты көрінісі болды. Қыстау мал жайылымының қыстық тұрақты орны, ал көктеу жаздық көшіп-қону маусымы. Бұл маусымдық көшулер жайылымдардың қалпына келуін қамтамасыз етіп, табиғат ресурстарын сарқытпай пайдалануға мүмкіндік берді. Яғни көшпенділердің өмір салты ТЕК жүйесінің практикалық көрінісі ретінде табиғатпен үйлесімді әрекетті ұйымдастырды. Табиғатқа философиялық қатынас Жер Ана, Ұмай және тәңіршілдік ұғымдары арқылы көрініс тапты. Жер Ана табиғаттың киелі, өмір беруші принципі ретінде қарастырылып, мал мен адамдардың тіршілігіне жауапты деп есептеледі. Ұмай періштелік бейне ретінде жаңа туған нәрестелер мен ананың сонымен қатар, малдың өміріне қамқорлық жасады, табиғатқа зиян келтірмеу әрекеттерін ТЕК жүйесінде тұрақтандырды. Тәңіршілдік аспан, жел, су және жердің киелілігін тану арқылы табиғатқа құрмет көрсетуге негізделді. Бұл философиялық ұстаным қазіргі экологиялық этика мен тұрақты даму қағидаларына үндес болып табылады.[12,23]

Көшпенділердің төрт түлікке деген қатынасы ТЕК жүйесінде ерекше рөл атқаратынын түсіндік. Төрт түлік мал шаруашылығының негізі ғана емес, табиғатпен үйлесімді өмірдің өлшемі болды. Сиыр қыстауда негізгі азық көзі ретінде пайдаланылып, жайылымдарды жоспарлауда жетекші рөл атқарды; жылқы көктеу кезінде көшуді жылдам және икемді

ұйымдастыруға мүмкіндік берді; қой мен түйенің азықтану ерекшелігі мен су көздеріне байланысты жайылымдық маусымдық цикл табиғатпен үйлесімділікті сақтауға қызмет етті. Бұл жүйе табиғатты сарқытпай пайдалану, болашақ ұрпаққа сабақтастық және экожүйелік тепе-теңдікті сақтау сияқты философиялық және практикалық ұағидаларды қамтыды. Дәстүрлі экологиялық білім философиялық, практикалық және моральдық компоненттерді біріктіреді. Онтологиялық тұрғыдан алғанда адам табиғаттан бөлек емес, оның құрамдас бөлігі ретінде қарастырылады. Ал аксиологиялық тұрғыдан табиғат рухани және моральдық құндылық болып есептеледі. Этикалық тұрғыдан қарастырғанда адам табиғатқа құрмет көрсетуге және оған зиян келтірмей сыйлауға міндетті. ТЕК тек тарихи тәжірибе емес, қазіргі экологиялық сана қалыптастыруда, ұлттық экологиялық мәдениетті жаңғыртуда және тұрақты даму қағидаларын меңгеруде маңызды ресурс болып табылады.[13,66]

Экологиялық сана – тек жеке тұлғаның емес, тұтас қоғамның тұрақты дамуға бейімделу деңгейін айқындайтын көрсеткіш. Ол қалыптаспаған жағдайда қабылданған заңдар мен техникалық шешімдер формалды сипатта қалып, экологиялық қауіпсіздікке нақты ықпал ете алмайды. Сондықтан азаматтық қоғамның бұл саладағы белсенділігі орнықты экожүйе қалыптастырудың алғышарты ретінде қарастырылуы тиіс.[14,63]

Қазіргі экологиялық ұйымдар азаматтық қоғамның ажырамас бөлігі ретінде табиғатты қорғауда шешуші рөл атқарып отыр. Олар қоғам мен мемлекет арасында көпір орнату арқылы экологиялық мәселелерді шешуге ықпал етуде. Азаматтық қоғамның белсенділігі қоршаған ортаның жағдайын жақсартуға, табиғи реесурстарды ұтымды пайдалануға және болашақ ұрпақ үшін таза, салауатты орта қалдыруға мүмкіндік береді.

Қазақстан жағдайында да азаматтық бастамалардың маңызы күн санап артып келеді. Экологиялық ұйымдардың қызметін қолдау, олардың ұсыныстарын экологиялық саясатқа енгізу - тұрақты даму мақсаттарына жетудің басты жолы.

Қорытынды

Жүргізілген зерттеу көшпенділердің табиғатпен қатынасы терең философиялық мазмұнға ие екенін және оның қазақ халқының дүниетанымдық жүйесінің маңызды құрамдас бөлігі болып табылатынын көрсетті. Көшпенді қоғамда табиғат тек материалдық игілік көзі немесе шаруашылық кеңістігі ретінде емес, тіршіліктің киелі негізі, адам мен әлем арасындағы үйлесімділікті сақтайтын тұтас жүйе ретінде қабылданған. Тәңіршілдік дүниетанымындағы аспан, жер, су ұғымдарының сакралды мәні, Жер Ана мен Ұмай ана бейнелері, сондай-ақ төрт түлікке қатысты қалыптасқан наным-сенімдер табиғатқа құрметпен қарау мәдениетін қалыптастырды. Қазақ халқының мәдениетінде табиғатқа деген құрмет ерекше маңызға ие. Табиғат пен адаи арасындағы үйлесімді қарым-қатынас ұлттық дүниетанымның, өмір салты рухани құндылықтардың негізі ретінде көрініс табады. Бұл байланыс мифологиялық аңыздарда, эпостық жырларда, мақал-мәтелдерде, жыраулар поэзиясында, көркем әдебиетте, сондай-ақ бейнелей және күй өнерінде кеңінен бейнеленген. Осы байланыстарды жете талдай отырып, зерттеу жұмысында көрсетілді.[10,25]

Табиғат қазақ дүниетанымында тек қоршаған орта емес, адамның рухани дамуына, адамгершілік және эстетикалық сезімінің қалыптасуына ықпал ететін терең философиялық кеңістік ретінде қабылданған. Табиғатқа этикалық қатынас – оны киелі, қадірлі, ретімен пайдаланылатын тіршілік кеңістігі ретінде тануға негізделеді.

Қазіргі заманда бұл түсініктер өз мәнін жойған жоқ. Табиғатқа деген құрмет – қазақ мәдениетінің тарихи жады мен болашаққа бағытталған рухани ұстанымдарының бірі. Ол экологиялық сананы тәбиелеудің, мәдени мұраны сақтаудың және ұлттық болмысты жаңғыртудың маңызды арнасы болып қала берді.

Дәстүрлі көшпенді шауашылықтың маусымдық көші-қон жүйесі [қыстау, көктеу, жайлау, күзеу] табиғи ортаның тепе-теңдігін сақтауға бағытталған экологиялық тұрғыдан тиімді тәжірибе болғаны анықталды. Бұл жүйе жер ресурстарын ұтымды пайдалану,

жайылымдардың қалпына келуіне мүмкіндік беру және табиғи ортаны шамадан тыс пайдаланудан қорғау қағидаларына негізделген. Мұндай тәжірибелер көшпенді қоғамда табиғатты сақтау мен оған зиян келтірмеу ұстанымдарының қалыптасуына ықпал етті. Сонымен қатар, көшпенділердің дәстүрлі экологиялық білімі [ТЕК-Traditional Ecological Knowledge) табиғат құбылыстарын ұзақ уақыт бақылау мен тәжірибелік білімге сүйене отырып қалыптасқан. [11,32] Бұл білім жүйесі табиғат пен адам арасындағы өзара жауапкершілік принципін дәріптеп, экологиялық тепе-теңдікті сақтаудың маңызды тетігі ретінде қызмет атқарды. Зерттеу нәтижелері көшпенділердің табиғатқа деген философиялық көзқарастары қазіргі экологиялық ой-сананың қалыптасуымен мазмұндық тұрғыдан үндес екенін көрсетеді. Табиғатты киелі құндылық ретінде қабылдау, оны қорғау мен болашақ ұрпаққа аман жеткізу идеясы бүгінгі тұрақты даму тұжырымдамасының негізгі қағидаларымен сабақтас келеді. Осы тұрғыдан алғанда көшпенділердің табиғатқа қатынасы туралы философиялық мұра ұлттық экологиялық мәдениетті жаңғыртуда, экологиялық жауапкершілік пен табиғатқа құрмет сезімін қалыптастыруда маңызды рухани және танымдық негіз бола алады [15, 48-57].

Зерттеудің ғылыми жаңалығы көшпенділердің табиғат философиясын қазіргі экологиялық сана тұрғысынан кешенді әрі пәнаралық деңгейде қайта қарастыруымен айқындалады. Атап айтқанда, жұмыста алғаш рет көшпенділердің дәстүрлі дүниетанымы тек этнографиялық немесе тарихи құбылыс ретінде емес, қазіргі экологиялық философияның және тұрақты даму теориясының теориялық негіздерінің бірі ретінде жүйелі түрде талданды.

Сонымен қатар зерттеу барысында көшпенділердің табиғатпен өзара әрекеттесу тәжірибесі дәстүрлі экологиялық білім [Traditional Ecological Knowledge] жүйесімен салыстырылып, олардың табиғатты ұтымды пайдалану мен экологиялық тепе-теңдікті сақтаудағы әмбебап қағидалары анықталды. Жұмыстың тағы бір жаңашылдығы - көшпенді өмір салтының табиғи ресурстарды сарқылтпай пайдалану стратегиясы қазіргі әлеуметтік экологиялық жүйелер теориясымен тығыз байланыста екенін байқадық. Қазіргі қоғамда табиғат ресурстары сарқылуда шақ тұр, көшпенді философиясының ұстанымдары мен өмір сүру салты аясында жаңа экологиялық санаға пайдалы ұғымдар мен ойлар туындады. Осылайша зерттеу нәтижесінде көшпенділердің табиғат философиясы қазіргі экологиялық сананы қалыптастыруда тек тарихи мұра емес, қазіргі заманғы экологиялық ойлаудың баламалы және өзекті моделі екендігі ғылыми түрде негізделді.

Әдебиеттер тізімі:

1. Васильев Л.С. История религии Востока. 1983. 61 с.
2. Стеблева И.В. К реконструкции древнетюркской религиозно-мифологической системы. Москва. Тюркологический сборник. 1972, 61с.
3. Қыраубаева А. Ежелгі дәуір әдебиеті. Хрестоматия. Алматы. Ана тілі, 1991, 10 б.
4. Гумилев Л.Н. Тысячелетие вокруг Каспия, Алматы, Ғылым, 1993, 86с.
5. Ақатай С. Тенгризм. Да благославит нас Тенгри. Культурные контексты Казахстана: История и современность // Материалы международного семинара, посвященного 100-летию М.О. Ауэзова. Алматы, 1998, 96с.
6. Гачев Г.Д. Национальные образы мира. Евразия - космос кочевника, земледельца и горца. Москва. Институт ДИДИК, 1999, 97с.
7. Кішібеков Д. Қазақ менталитеті: кеше, бүгін, ертең. Алматы. Ғылым. 1999. 200 б.
8. Сегізбаев О.А. Қазақ философиясының тарихы. Ежелгі түсініктерден ХІХ–ХХ ғасырдың бірінші жартысының ілімдеріне дейін. Оқу құралы. орыс тілінен ауд. Г.Ж. Нұрышева, М.С. Сәбит. Алматы. Қазақ университеті, 2017. 330 б.
9. Kambar K.A. Nomads lived in harmony with nature Copyright 2019, First published January 03, 2020, 13p.
10. Жолдасбеков М. Асыл арналар. Алматы, 2012, 210 б.

11. Ежелгі дәуір әдебиеті. Хрестоматия, Алматы. Ана тілі, 2018. 10б.
12. Құдайбергін А. Дала мен табиғат философиясы: қазақ дәстүрлі білімі. Астана. Логос, 2019. 256 б.
13. Shakirova N., Kaimuldinova K., Shakirova A., Wendt J. Traditional Ecological Knowledge of the Kazakh People as a Prerequisite for Education for Sustainable Development. Pedagogy and Psychology. 2023, 12 Views, 8 Pages Publisher: Abai Kazakh National Pedagogical University <https://doi.org/10.51889/2960-1649.2023.15.3.001>
14. Bai S. From Local Knowledge to Global Wisdom: The Ecological Dimension of Nomadic Ethics, publ. Oct 29, 2025, 23 p.
15. Спанов М.Ж., Оразбек Н.Б. Түркі философиясының әлемдік философиядағы орны. «QAZAQSTANÝ» республикалық ғылыми журнал. 4(28) 12/ 2025. 48-57 бб. М.Әуезов атындағы ОҚЗУ. <https://doi.org/10.54251/2522-4026.2025.06.28qaz>

References liste:

1. Vasil'yev L.S. Istoriya religii Vostoka. 1983. 61s.
2. Stebleva I.V. K rekonstruktsii drevnetyurksoy religiozno-mifologicheskoy sistemy. Moskva. Tyurkologicheskiy sbornik. 1972. 61s.
3. Kiraubaeva A. Ezhelgi dauir adebieti. Hrestomatiya. Almatı. Ana tili, 1991. 10 b.
4. Gumilev L.N. Tysaceletie vokrug Kaspiya, Almaty, Gylym. 1993, 86s.
5. Akatay S. Tengrizm. Da blagoslovit nas Tengri. Kul'turnyye konteksty Kazakhstana: Istoriya i sovremennost'. Materialy mezhdunarodnogo seminara, posvyashchennogo 100-letiyu M.O. Auezova. Almaty. 1998, 96s
6. Gachev G.D. Natsional'nyye obrazy mira. Yevraziya - kosmos kochevnika, zemledel'tsa i gortsa. Moskva. Institut DIDIK. 1999, 97s
7. Segizbaev O.A. Kazak filosofiyanın tarıhı. Ezhelgi tusinikterden XIX-XX gasırdıñ birinchi zhartısın ilimderine deyin. Oqu quralı. orıs tilinen awd. G.J.Nurısheva, M.S. Säbit. Almatı. Kazak universiteti, 2017. 330 b.
8. Segizbaev O.A. Qazaq filosofiyanıñ tarıhı. Ezhelgi tusinikterden XIX-XX gasırdın birinshi zhartısın ilimderine deyin. Oku kuralı. orıs tilinen aud. G.Zh.Nurısheva, M.S.Sabit. Almatı. Qazaq universiteti, 2017. 330 b.
9. Kambar K.A. Nomads lived in harmony with nature Copyright 2019, First published January 03, 2020, 13r.
10. Zholdasbekov M. Asıl arnalar. Almatı, 2012, 210 b.
11. Ezhelgi dauir adebieti. Hrestomatiya, Almatı. Ana tili, 2018. 10b.
12. Kudaybergen A. Dala men tabiğat filosofiyaı: qazaq dasturli bilimi. Astana. Logos, 2019. 256 b.
13. Shakirova N., Kaimuldinova K., Shakirova A., Wendt J. Traditional Ecological Knowledge of the Kazakh People as a Prerequisite for Education for Sustainable Development. Pedagogy and Psychology. 2023, 12 Views, 8 Pages Publisher: Abai Kazakh National Pedagogical University <https://doi.org/10.51889/2960-1649.2023.15.3.001>
14. Bai S. From Local Knowledge to Global Wisdom: The Ecological Dimension of Nomadic Ethics, publ. Oct 29, 2025, 23 p.
15. Spanov M.J., Orazbek N.B. Turki filosofiyanıñ alemdik filosofiyađađı ornı. «QAZAQSTANÝ» respublikalıq ғılımi zhurnal. 4(28) 12/ 2025. 48-57 bb. M.Auezov atındađı OQZW. <https://doi.org/10.54251/2522-4026.2025.06.28qaz>

жауапты автор туралы мәлімет [толық аты жөні, жұмыс орны, телефон, электрондық поштасы) **Мейманбекқызы Мөлдір** - магистрант, 87750262323 e-mail: medetbekovvacute@mail.ru